

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы МҚКК «Ақбөбек» балабақшасы

Топ «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.  Балабақша туралы сұрақтар қою. <b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>"Ойыншықтардағы тәртіп"</b> . Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	<b>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"</b> .  Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту	Әнұран айту. Балалармен әңгімелесу  Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. <b>Көркем әдебиет</b>	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту  <b>Сөйлеуді дамыту</b>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу, қарым – қатынас мәдениетін орнату.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.

<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)</p>	<p>«Жұбын тап» ойыны Міндеті: Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқаларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету. <b>Математика негіздер</b> «Көңілді қалам» Балалармен бірлесіп плакатта сурет салу Сурет салу</p>	<p>«Көңілді көліктер» Көліктің дөңгелегін орналастыру (ұсақ қол моторикасына арналған ойындар) <b>Қимылды ойын:</b> «Жемістерді тер» Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>«Көңілді бояулар» Міндеті: Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру <b>Сурет салу</b></p>	<p>«Бауырсақ» ертегісі <b>Міндеті:</b> Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. <b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойын-дарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (ұсақ қол моторикасына арналған ойындар).</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p><b>ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Б.к. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</li> <li>1.1. Балалар жалаулармен беттерін жауып "тауып ал" деген сөзді айтады.</li> <li>1.2. Б.к. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</li> <li>2. Б.к. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, жалаулармен умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.</li> <li>2.2. Б.к. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</li> <li>3. Б.к. жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.</li> <li>3.1. Жерге шалқадан жатып, жалауларын беттерін жауып "ұйықтайық" дейді.</li> <li>3.2. Б.к. (жаттығу 3 рет қайталанады).</li> <li>4. Б.к. аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</li> <li>4.1. Жалауларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</li> <li>4.2. Б.к. (жаттығу 3 рет қайталанады).</li> </ol>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b>) <b>Гигиеналық шаралар</b> (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі,</p>				

	<p>Сабынмен қол жуаңыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созаңыз)</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа-рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Қоршаған ортамен танысу)
Серуен	<p>Аяқ киімін дұрыс киюін қадағалау. Серуен. «Бұлттарды бақылау».</p> <p>Мақсаты: бұлттардың тұрғанын аңғару.</p> <p>Еңбек: түскен жапырақтарды жинау.</p> <p>Мақсаты: жан-жағын</p>	<p>.Серуен.</p> <p>Күнді бақылау. Күн жылы ма соны аңғару. Еңбек: ойын алаңын тазарту.</p> <p>Мақсаты: тазалыққа баулу. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: шапшаңдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Серуенге дайындық.</p> <p>Жылы киініп, серуенге шығу. Жапырақтың жерде жатқанын бақылау. Мақсаты: балаларға жапырақтарды аңғарту. Еңбек: ойын алаңын тазарту.</p> <p>Қимылды ойын: «Ұшты, ұшты». Мақсаты: аңғарымды болуға дағдыландыру. Серуеннен оралу.</p>	<p>Серуен. Ауа-райына бақылау жасау.</p> <p>Мақсаты: балаларға күннің салқын немесе жылы екенін аңғарту. Еңбек: ойын алаңын тазарту.</p> <p>Мақсаты: ұқыпты таза жерде ойнауларын үйрету. Қимылды</p>	<p>Серуенге дайындық.</p> <p>Жылы киіну. Серуен.</p> <p>Ағаштарды бақылау.</p> <p>Мақсаты: жапырақтың түсінің өзгеруін бақылау. Еңбек: алаңды тазарту. Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек». Мақсаты: бауырмалдылыққа баулу..</p>

	<p>жинап жүруді дағдыландыру. Ойын: «Өз орныңды тап». Мақсаты: шапшаң қозғалысқа, ептілікке баулу. Серуеннен оралу. Гигиеналық шаралар. Түскі ас.</p>		<p>Гигиеналық шаралар. Түскі ас.</p>	<p>ойын: «Кім тез жетеді?».</p> <p>Мақсаты: шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Серуеннен оралу. Гигиеналық шаралар. Түскі ас.</p>	
Түскі ас	<p><b>Астарың дәмді болсын!</b></p> <p>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.</p>	<p><b>Ойын- жаттығу:</b></p> <p>Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.</p>	<p><b>Бата беру</b></p> <p>Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін!</p>	<p>Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p> <p><b>«Ас – адамның арқауы»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту және орамалды орнына ілу,</p> <p><b>Ас қайыру</b></p> <p>Дастарқанына береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау</p> <p>«Ана мен бала» музыкасын тыңдату</p> <p><b>(музыка)</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау</p> <p>«Үйшік» ертегі</p> <p><b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау</p> <p>«Құлыншағым» музыка</p> <p><b>(музыка)</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау</p> <p>«Түлкі мен тырна» ертегі</p> <p><b>(көркем әдебиет,</b></p>	<p>«Сандар» әнін тыңдату.</p> <p><b>(математика негіздері)</b></p>

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Ұйқыдан тұру.</p> <p>Сергіту гимнастикасы шынықтыру шаралары.</p> <p>Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Бесін асқа отыру.</p>	<p>Ұйқыдан тұру.</p> <p>Ауызды салқын сумен шаю, Мақсаты: тістің қатаюын қадағалау.</p> <p>Бесін асқа отыру.</p>	<p>Ұйқыдан тұру.</p> <p>Гимнастика жасау шынықтыру шаралары. Көз жаттығуларын жасау, иекке массаж жасау.</p> <p>Бесін асқа отыру</p>	<p>сөйлеуді дамыту)</p> <p>Ұйқыдан тұру.</p> <p>Фито шай, дәрумендер беру. Мақсаты: ішкі ағзаларының дұрыс қалыптасуына жағдай жасау. Бесін асқа отыру</p>	<p>Ұйқыдан тұру.</p> <p>Сергіту гимнастикасын жасау. Мақсаты: дене бұлшық етін қалыптастыру.</p> <p>Бесін асқа отыру.</p>
Бесін ас	<p>Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.</p>	<p>Балалардың назарын тағамға аудару.</p>	<p>Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.</p>	<p>«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)</p>	<p>Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Саусақ жаттығуы:</p> <p>«Қоңырау»</p> <p>Сыңғырлайды қоңырау,</p> <p>Сыңғыр-сыңғыр етеді.</p> <p>Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>Нұрдана</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев</p> <p>Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. Сағидан</p>	<p>Саусақ жаттығуы:</p> <p>«Қоянның құлағы»</p> <p>Ұзын құлақ сұр қоян,</p> <p>Естіп қалып сыбырды</p> <p>Ойлы-қырлы жерлермен</p> <p>Ытқып-ытқып жүгірді.</p> <p>Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Аяла</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли</p> <p>Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p> <p>Раяна А</p>	<p>Саусақ ойыны:</p> <p>Саусағымда сакина</p> <p>Санап көрші кәнеки</p> <p>1,2,3 Бір, екі үш</p> <p>Демалайық жинап күш.</p> <p>Ержігіт</p>
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>«Менің балабақшам»</p> <p>Суреттер әлеміне</p>	<p>«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны</p> <p>Мақсаты: пішіндерді</p>	<p>«Өз үйін тап» ойыны</p> <p>Мақсаты: үлкен – кіші</p>	<p>«Өз орнын тап» ойыны</p> <p>Мақсаты: түстерді</p>	<p>Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр»</p>

	<p>саяхат</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>Ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.</p> <p><b>Математика негіздері Сурет салу</b></p> <p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Ұғымдары туралы түсінік беру.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>тануға үйрету.</p>	<p>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Құрастыру</b></p>
<p>Балалардың үйіне қайтуы</p>	<p>Ата-анаға кеңес: «Баланызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, баланыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»</p>	<p>Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.</p>	<p>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.</p>	<p>Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту.</p>